



Газет 1930 жылдың 10 қазанынан шыға бастады

ҚАЗАҚ БАЛУАНДАРЫ- «Turan barusy» жеңімпазы

Түркістан қаласындағы «Olympic center» спорт сарайында алғаш рет қазақ күресінен «Turan Barusy» Азия кубогі өтті. Жарысқа Түркі мемлекеттері ұйымының мүшелері – Түркия, Өзбекстан, Әзербайжан, Қырғызстан, Мажарстан және Қазақстан балуандары қатысып, өзара мықтыны анықтады.

Дүбірлі сында балуандар екі топқа бөлініп, айналмалы жүйеде күресті. Екі топтан іріктелген Әзербайжан, Қырғызстан, Өзбекстан, Қазақстан құрама командалары жүлделі орындарға таласты. Дүбірлі доданың ашылу салтанатында Мәдениет және спорт министрі Дәурен Абаев Түркістан төріндегі жарыстың маңызына тоқталды. Ұлттық спортты дамытуға министрлік тарапынан қолдау әрдайым

өтеді. Бұл іс-шаралардың барлығы бұқара халық арасында саламатты өмір салтын насихаттауға, спорттық дәстүр мен әдет-ғұрыптарды сақтауға өзіндік зор үлесін қосуда. Аталған бағыттардағы жұмыстар алдағы уақытта да өз жалғасын табатын болады», деді облыс әкімі.

Ұлттық спортты насихаттау мақсатында шетелдерде 30-дан астам Қазақ күресі федерациясы жұмыс істейді. Бүгінде елімізде осы спорт түрімен 120 мыңнан астам жас шұғылданады. Елімізде түрлі деңгейде 800-ден астам жарыс өткізіледі. Сонымен бірге халықаралық деңгейде Азия кубогі, Азия және әлем чемпионаттары секілді халықаралық турнирлер өтеді. Мәдениет және спорт министрілігі мен облыс әкімдігі-

богінде жеңіс тұғырынан көрінуге барын салды. Дзюдодан Еуропа чемпионы атанған Түркиялық Фуркан Гүнер да аянып қалмады.

Қазақ күресінен өтіп жүрген халықаралық жарыстарда жақсы өнер көрсеткен Өзбекстан құрамасы сапында әлем чемпионы Умид Есанов (82 кг), әлем чемпионы, дзюдодан Азия чемпионы Еркін Козоков (90 кг), үш дүркін әлем чемпионы, қазақ күресінен екі дүркін әлем чемпионы Мухсин Хисомиддинов (+90 кг) бозкілемге шықты. Ал Қазақстан сапында 90 кило салмақта белдескен Айдарбек Тоқтарбек былтыр қазақ күресінен әлем чемпионы атанған болатын. 90 килодан жоғары салмақта Ғалымжан Қырықбай-«Қазақстан барысы» республикалық турнирінің 2021 жылғы күміс, 2022



жалғаса беретінін жеткізді. Ал Түркістан облысының әкімі Дархан Сатыбалды балуандарға сәттілік тіледі. «Қазақ күресі»-ұлттық спорт түрлерінің ішінде өзіндік орны бар ерекше спорттың түрі. Қазіргі уақытта әлемнің 40-тан аса мемлекетінде ұлттық күресімізден федерациялар құрылып, жұмыс атқаруда.

Өздеріңізге белгілі, ұлттық спортымыз-қазақ күресінен әлем, Азия, Африка және Еуропа чемпионаттары өткізіліп, дамудың жаңа деңгейіне көтерілді. Кейінгі он жыл бердерінде жоғары деңгейде ұйымдастырылып, өткізілетін «Қазақстан барысы», «Еуразия барысы» және «Әлем барысы» додалары да бүгінде көрермен көзайымына айналып отыр. Міне, бүгін қасиетті Түркістанда ересектер арасындағы қазақ күресінен «Тұран барысы» Азия кубогі

нің, сондай-ақ «Qazaq kuresi» ассоциациясы, «Qazaqstan barusy» қазақ күресін қолдау және дамыту қорының ұйымдастыруымен өткен турнирдің бас серіктестері-«Самұрық-Қазына» ҰАҚ пен «Турризм мен спортты қолдау және дамыту қоры».

Дүбірлі додаға түркі елдерінің ең мықты спортшылары қатысты. Олардың арасында қазақ күресімен қоса, басқа да күрес түрлерінен халықаралық жарыстарда жүлде алып жүрген спортшылар бар. Мысалы, Әзербайжан құрамасы атынан самбодан екі дүркін әлем чемпионы Эйваз Бақшиев (60 кг) бақ сынады. Ал Мажарстан құрамасы сапында дзюдодан Еуропа чемпионы Эндре Гунич (82 кг), дзюдодан әлем чемпионатының күміс жүлдегері, Еуропаның үш дүркін чемпионы Барна Бооур (+90 кг) Азия ку-

жылғы қола жүлдегері.

Еліміздегі ұлттық спорт түрін дамыту және қолдау мақсатында ұйымдастырылған, тартысқа толы күрес бәсекесінің жартылай финалында Әзербайжан балуандарын қапы қалдырған қырғыз өрендері қола жүлдені иеленді. Ал ақтық айқас Қазақстан мен Өзбекстан балуандары арасында өтті. Айтулы доданың ақтық бәсекесінде 4:3 есебімен Қазақстан балуандары басым түсіп, «Turan barusy» додасының жеңімпазы атанды. Алғаш рет ұйымдастырылған күрес сайысында бірінші орын алған команда 10000000 теңге көлемінде қаржылай сыйлық алса, екінші орынға-6000000, үшінші орынға 4000000 қаржылай сыйлық және арнайы кубок табыс етілді.

«Егемен Қазақстан» газетінен.



Президент Ұжымдық қауіпсіздік кеңесінің кезектен тыс сессиясына қатысты

Қасым-Жомарт Тоқаев Армения Республикасының ұсынысы бойынша өткен Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт ұйымының Ұжымдық қауіпсіздік кеңесінің кезектен тыс сессиясына бейнебапаланыс форматында қатысты, деп хабарлайды Egeмен.kz Ақорданың баспасөз қызметіне сілтеме жасап.

Сонымен қатар саммитке Армения премьер-министрі Никол Пашинян, Беларусь президенті Александр Лукашенко, Қырғызстан прези-

денті Садыр Жапаров, Ресей президенті Владимир Путин, Тәжікстан президенті Эмомали Рахмон және ҰҚШҰ Бас хатшысы Станислав Зась қатысты.

Сессия барысында ҰҚШҰның Арменияға биыл 15 қыркүйекте жіберген Миссиясы жұмысының нәтижелері талқыланды.

Қазақстан Президенті жиналда сөйлеген сөзінде жанжалды тек бейбіт жолмен және саяси-дипломатиялық тәсілдермен реттеу керек екенін атап өтті.

Қазақстан мен Түркия арасында сауда көлемі артады

Қазақстан мен Түркия арасындағы сауда көлемін 5-тен 10 млрд долларға дейін арттыру жоспарланып отыр. Бұл туралы Алматыда өтіп жатқан Ислам елдерінің стандарттары мен метрология институты (SMIIC) метрологиялық кеңесінің 11-ші отырысында «Tubitak Ume» Түркия метрология институтының бас директоры Mustafa Cetintas мәлімдеді, деп хабарлайды Egeмен.kz.

«Осы мақсатта біз бүгін Қазстандартпен уағдаластықтарды іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарына қол қойдық. Мұндағы негізгі міндет - жалпы өлшеу эталондарын белгілеу және стандартты үлгілердің неғұрлым талап етілетін түрлерінің бірлескен өндірісін құру. Бұл екі елдің өндірушілеріне өз өнімдерін экспорттауға көмектеседі», деді «Tubitak Ume» Түркия метрология институтының бас директоры Mustafa Cetintas.

Отырысқа 35 елден делегаттар қатысып, метрология, техникалық реттеу және халал индустриясы мәселелерін талқылады. Сондай-ақ Орталық Азия өңірі үшін халал аудиторлар тренингі өткізілді.

«Қазақстанның SMIIC-ке қатысуы және осы кездесуге төрағалық етуі Азия мен Еуропаны біріктіретін, әлемдік аренада өзара тиімді ынтымақтастық алгоритмдерін құратын еуразиялық хаб ретінде еліміздің есіп келе жатқан маңыздылығын атап көрсетеді. Халал индустриясы әлемдік экономикадағы қарқынды дамып келе жатқан трендтердің бірі болып табылады. ИЫҰ елдерінің 2022 жылға арналған тауар айналымының көлемі 14 млрд АҚШ долларынан астам құрайды. Халал өнімдерінің әлеуеті азық-түлік саласынан басқа ауыл шаруашылығы, фармацевтика, косметика, тоқыма және аяқ киім өнеркәсібін де қамтиды», деді ҚР СИМ ТРМК Қазстандарттың бас директоры Фаби Мұхамбетов.

2022 ЖЫЛ 20 ҚАРАША

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ПРЕЗИДЕНТІНІҢ САЙЛАУЫӘР АЗАМАТТЫҢ ДАУЫСЫ
МАҢЫЗДЫ

20 ҚАРАША 2022

Қазақстан Республикасының
Президенттігіне кандидатқа
қойылатын талаптар туралы

Кандидат тумасынан Республика азаматы болып табылатын;

40+ | Қырық жасқа толған;

Мемлекеттік тілді еркін меңгерген;

Қазақстанда соңғы он бес жыл бойы тұратын;

Жоғары білімі бар;

Мемлекеттік қызметте немесе сайланбалы мемлекеттік лауазымдарда кемінде 5 жылды құрайтын жұмыс тәжірибесі бар;

Белсенді сайлау құқығына ие азамат болуы тиіс.

Кандидаттарды республикалық қоғамдық бірлестіктер ұсынады

Кандидаттарды ұсыну
2022 жылғы 11 қазан сағат 18:00-де аяқталады.
Кандидаттарды тіркеу
2022 жылғы 21 қазан сағат 18:00-ге дейін.Сөзақ ауданы тұрғындарының
назарына!

2022 жылғы 20 қарашада өтетін Қазақстан Республикасы Президентінің сайлауында дауыс беруге арналған өзінің сайлау учаскесі туралы қажетті ақпарат алу үшін Telegram мессенджерінде арнайы бот іске қосылды (https://t.me/tur_saylaw_bot) және Түркістан облысы әкімдігінің ресми сайтында жарияланды (<https://tur.saylaw.kz>).

Осы құралдардың көмегімен Сіз 2022 жылғы 20 қарашада өтетін Қазақстан Республикасы Президентінің сайлау күні дауыс бере алатын сайлау учаскесі туралы толық ақпарат (нөмірі, мекен жайы, байланыстары) ала аласыз.

Қосымша сұрақтар болған жағдайда 109 Call-орталығына хабарласуға болады. 109 Call-орталығы 24/7 режимінде жұмыс істейді.



Аудан әкімі кезекті есеп беру жиындарын өткізді

Аудан әкімі Мұхит Тұрысбеков ҚР Президентінің 2022 жылғы «Әкімдердің халықпен кездесулерін өткізу туралы» Жарлығын іске асыру аясында Шу, Тасты ауыл округінде болып, халықпен кездесті. Жиын барысында ауыл округтерінде алдыңғы кездесуде тұрғындар тарапынан көтерілген Ж.Қаламбаев білім ордасы алдындағы жолға - жол кедергісін салу, Шу-Тасты ауылы арасындағы күре жол бойындағы сексеуіл-жол кедергі-

және жүргіншілер жолы мәселелері жақын уақытта шешімін табатынын айтты. Аталған жиында алдағы уақытта атқарылар жұмыстар туралы ауыл тұрғындарымен бөлісіп, тұрғындар сауалдарын қойып, аудан әкімі олардың өтініштерін тыңдады. Тасты ауыл округінде тұрғындар, мәдениет үйі салынып берілсе деген талап тілектерін алға тартты. Аталған мәселе келер жылғы жоспарға енгенін және тиісті сметалық құжат-

ынын Қыземшек кенті мен Жуантөбе ауылында жалғастырды. Жиынға аудан әкімдігінің бөлім, мекеме басшылары, бірқатар өндіріс басшыларының өкілдері қатысты.

Жиын барысында аудан басшысы атқарылып жатқан жұмыстарға тоқталып, алдағы міндеттерді баяндады. Өткен кездесулерде тұрғындар тарапынан көтерілген өзекті мәселелер кезең-кезеңімен шешіліп жатқанын айтты. Қыземшек кентіндегі спорттық мәдени сауықтыру кешенінде атқарылып жатқан күрделі жөндеу жұмыстарымен және үш көшеге төселіп жатқан асфальт жолдары аз уақыт ішінде бітіріп, тұрғындар игілігіне

берілетінін жеткізді. Жиында тұрғындар тарапынан қойылған бірқатар өтініш-пікірлер тыңдалып, орындау үшін жауапты мекеме, бөлім басшыларына арнайы тапсырмалар жүктелді. Кент тұрғындары қысқы жылу маусымына дайындық барысы туралы сауалдарын қойды. Тиісті мекеме тарапынан жылу қазандығына жөндеу жұмыстары жүргізіліп, жылу маусымына дайын екенін айтып, жауапты мамандарға толық бақылауда ұстауды



сіне қиындық тудыруы және аталған ауылдарға жаңа жедел жәрдем көлігі қажеттігі секілді бірқатар жұмыстар өз шешімін тапқанын баяндады. Сондай-ақ, мәдениет үйінің күрделі жөндеу жұмыстарының аяқталғандығы

тары дайын екенін жеткізді. Аудан басшысы кездесуден соң, Шу ауылындағы фелдшерлік акушерлік бекеті, Тасты ауыл округіндегі дәрігерлік амбулаториясы, "Қызғалдақ" бөбекжай-балабақшасы ғимаратында бо-

тапсырды. Аталған жиын Жуантөбе ауыл округінде жалғасты. Ауыл тұрғындары алдыңғы кездесуде көтерілген бірқатар мәселелер атқарылса бірқатары атқарылып жатқанын айтып, алғыстарын білдірді. Аудан басшысы Қыземшек кентінде орналасқан Қыземшек кенті дәрігерлік амбулаториясы, «Самал» бөбекжай балабақшасында болып, жұмыс барысы мен жылу жүйесін бақылады.

Дәл осындай бақылау жұмыстары Жуантөбе ауыл округінде жалғасты. Жуантөбе дәрігерлік амбулаториясының жылу жүйесімен, Жуантөбе ауылдық округі әкімі аппараты ғимаратының құрылысы, "Шолақорғансу" МКК-на қарасты ауыз су беру мекемесіне барып, "Қазатомөнеркәсіп" ҰАК АҚ демеушілігімен ауыл халқына ауыз сумен 24 сағат толық қамтамасыз ету үшін қазылып жатқан ұңғыма құдық жұмыстарымен танысты.



және Шу ауылында биылғы жылдың соңына дейін бір көшені жарықтандыру іске қосылатынын жеткізді.

Тасты ауыл округінде Қазақстан және Амангелді көшелерін жарықтандыру

лып, оның жылу жүйесін қадағалап, ондағы қызметкерлердің жұмысымен танысып, оң бағасын берді.

Аудан әкімі Мұхит Тұрысбеков кезекті есеп беру жи-

«Сөзақ үні»-ақпарат.



«ТАЗА LIKE» жобасы жүзеге асты

Қазан айының соңғы жексенбісі, яғни, 30 күні Шолаққорған ауыл әкімдігінің басты әрі орталық көшелері болып табылатын Жібек-Жолы және Қожанов көшелерінің бойына ерекше қоқыс жәшіктері қойылды. Халық көп шоғырланатын аймақтарға орнатылған ерекше үлгідегі бұл қоқыс жәшіктері әуелі ауылымыздың тазалығына сеп болса, кейін, әдеттегіден өзгеше жасалғандықтан көше бойына айрықша айшық бергелі отыр. Ал енді, бұл қоқыс жәшіктері қайдан келді? Осыдан бір ай-жарым ай бұрын Жергілікті өзін-өзі басқаруды дамытуға бағытталған іс-шаралар кешенін ұйымдастыру жобасы аясында, Азаматтық бастамаларды қолдау орталығы мен Қазақстан Республикасы Ақпараттық және қоғамдық даму министрлігінің және Маңғыстау облысы Азаматтық альянсының қолдауымен жоба өткізілген болатын. Аталмыш жобаға Созақ ауданы, Шолаққорған ауылдық қоғамдастық мүшелері атынан ұсынған «ТАЗА LIKE» жобасының аясында, Шолаққорған ауылындағы орталық көшелерге қоқысты

ке: шыны шөлмек; пластмасс шөлмек; қағаз материалдар және ас қалдықтары салынатын ерекше жәшіктерді жоғарыда аталған жайларға орналастыру жұмыстары жексенбі, 30 қазан күні жүзеге асты. Қоғамға қажет, ауыл игілігі үшін жасалып отырған бұл шараға Шолаққорған ауылдық «Парасат» алаңы мен қоғамдастық мүшелері, аудан әкімдігінің тұрған үй, коммуналдық шаруашылық бөлімінің маманы Е.Сатыбалдиев, «Созақ сәулет» тазалық мекемесінің басшысы Берік Әлтеков, аудандық «Созақ үні» газетінің тілшісі Данияр Бек қатысты. Жалпы, шараның мақсаты ауыл жұртшылығының туған жерге деген ұлтжандылығын арттыру, жерлеріміздің ауыл тазалығын сақтаудағы жауапкершілігі мен ішкі мәдениетін көтеруге ықпал ету еді. Әйтпесе, соңғы уақыттары осы ауыл тазалығына деген ауыл тұрғындарының көзқарасы сын көтермейтін жағдайға жеткен болатын. Бұл жайында жеке өз басым жергілікті БАҚ өкілі ретінде «Созақ үні» газетінде де әлеуметтік желілердегі парақшамда да бірнеше



рет мақалалар жазып, жарияладым. Тіпті, қоғам жанашырларын, ауыл тазалығына жауапты бөлім және мекеме басшыларын жұмылдырып тазалық күндерін өткізген жағдайымыз да болды. Ол аз десеңіз, ауданымыздың жаңа басшысы Мұхит Сексенбайұлының өзі келе салысымен, ауылымызды тазалық секцияларына бөліп, айлық шаралар өткізді. Нәтижесінде, ауданымызды айнасы болып табылатын Шолаққорған ауылы жылдап қордаланған қоқыстардан біршама тазарып қалды. Бірақ, сол тазалықты жүргізуден гөрі, сақталып қалу қиын соғып тұр біздің қоғамға. Себебі, «Ұлтқа қызмет ету білімнен емес, мінезден» деп, Әлихан атамыз айтпақшы, ауылымызды сүйеге, таза ұстауға мінез жетіспей тұр біздерде. Міне, осы ретте Шолаққорған ауылы

Парасат алаңының мүшелерінің, оның ішінде Біржан Саржанның қоғамдастық атынан жобаны ұтып, жүзеге асыруы көпке өнеге болғалы отыр. Ендеше, өзімізді (нәпсімізді), отбасымыз бен мал-мүлкімізді сүйгендей, отанымызды, ауылымызды да сүйіп, қастерлеп үйренейік ағайын! Тазалық иманның жартысы деп, тазалықты сақтай білейік!

Данияр БЕК.

Халық қалаулысының қамқорлығы

Жақсының жақсылығын айт, нұры тасысын деп жатады. Аудандық мәслихаттың депутаты, жеке кәсіпкер, елдің сыйлы азаматы Нұрланұлы Базарбайдың ел үшін жасап жүрген игілікті істеріне халық куә. Соның бірі, жеті жүзге жуық балалар оқитын үлкен мектепті таза ауыз су-

айтқанда мектеп ғимараты толықтай таза ауыз сумен қамтылды. Жеке кәсіпкер Нұрланұлы Базарбай барлық ауыз су жүйесіне қажетті заттарды сапалы алдырып, орнаттырып, жұмысшылардың еңбек ақсын да өзі төлеген.

Айтары жоқ, А.Байтұрсынов атын-



мен қамтамасыз етті.

Ауданымыздың әкімі Тұрысбеков Мұхит Сексенбайұлы ауданға басшы болып келген бетте бірінші кезекте барлық әлеуметтік нысандардың яғни мектеп, бала бақша, халыққа қызмет көрсететін мекемелердің ғимараттарын аралап, жәй күйімен танысып шыққан болатын. Білім саласына ерекше назар аударатын аудан әкімі барлық мектептерді аралап, материалдық базасына көз жеткізді. Шолаққорғандағы А.Байтұрсынов атындағы жалпы орта мектептің жәй күйімен танысқанда, Мұхит Сексенбайұлы аудан орталығындағы екі қабатты үлкен білім ұясында осы уақытқа дейін орталықтандырылған таза ауыз су жүйесінің жүргізілмегенін көріп таң қалғаны да жасырын емес. Сонымен аудан басшысы бұл мәселені бірден назарға алды. Білім бөлімі толықтай облыстық басқармаға қарағандықтан ауданның бюджетінен аталған мектепке қаржы бөлу заңсыз екендігі де белгілі. Сондықтан аудан әкімі бұл мәселені шешу тетіктерінің бірі жеке кәсіпкерлермен сөйлесіп, ұсыныс жасау екенін түсінді. Дегенде білім алып, жұмыс істеп, күнделікті мыңға жуық адам кіріп шығып жүрген білім ұясы орталықтандырылған таза ауыз сумен қамтылуы керек. Сонымен ауданымызға белгілі жеке кәсіпкер, халық қалаулысы Нұрланұлы Базарбай бұл мәселеге ерекше мән беріп аталған мектепке жазғы демалыс уақытысында жеке қаражатына таза ауыз су кіргізіп берді. Азамат деп осыны айт. Тарқатып айтар болсақ, А.Байтұрсынов атындағы жалпы орта мектебінің «А» және «Б» ғимараттарына 2022-2023 жаңа оқу жылының 1 қыркүйегінде «Нұрлан Ата» құрылыс дүкенінің директоры, аудандық мәслихаттың депутаты, жеке кәсіпкер Нұрланұлы Базарбайдың демеушілігімен орталықтандырылған «таза су» сүзгісі, (фильтр) ыстық-мұздай сумен қамтамасыз ету қондырғысы орнатылып, мектептегі 150 ден астам ұстаздар мен техникалық қызметкер, жеті жүзге жуық білім алып жатқан оқушының игілігіне берілді. Жалпы білім мекемесі ғимаратының ішкі пайдалану аумағы 4877, 70 шаршы метрді құрайды. Атап көрсетер болсақ «А» корпусына екі қабатта 1 дана «таза су» сүзгісімен, бес дана қол жуу қондырғысы, «Б» корпусына да екі қабатқа 1 дана таза су сүзгісі, 5 дана қол жуу қондырғылары орнатылған. Жалпы

дағы жалпы орта мектебінің жалпы материалдық базасы, оқушылардың білім сапасы, педагогтардың біліктілігі сөз жоқ үнемі жақсы көрсеткіштерге ие. Мектептің санитариялық тазалығында да мін жоқ. Бұл да болса мектеп басшының іскерлігі, ұжымның ауызбіршілігі болар. Мектепте орталықтандырылған таза су жүйесі жүргізілмесе де, мектепте тасымалмен таза су үзілмеген. Дегенмен уақыт талабына сай қажеттіліктің орны бөлек.

Жаңа оқу жылының басында, алғашқы қоңырау салтанатында ата-аналар комитетінің атынан кәсіпкерге, халық қалаулысы Базарбай Нұрланұлына Алғыс айтылды. Әрине ел іші болған соң, кәсіпкер де көп кәсібі дөңгелеп тұрған, қоңыр тірлігін күнелтіп күнделікті тіршілігін күйттеп жүргендер де аз емес. Десек те, төрт миллионға жуық қаржысын өз қалтасынан шығарып, халық үшін, ел игілігіне жұмсай салу кез келген кәсіпкердің қолынан келе бермесі анық.

Айта кеткен жөн болар, Базарбай Нұрланұлы бұдан бұрында үнемі қайырымдылықпен айналысып келе жатқан жүрегі жомарт азамат. Жыл сайын, бірнеше отбасына қыстық отын, көмір түсіріп беріп тұрады, пандемия кезінде аудандық емханаға екі дана оттегі аппаратын алып берді. Басқа облыс аудандарда орын алып жатқан төтенше жағдайларға үнемі азаматтық борышпен қолдау танытып келеді. Қаншама отбасының үйлерінің жөндеу жұмыстарына қаржылай, құрылыс заттай көмек берді. Зиялы қауым өкілдеріне де демеушілік жасауда. Қоғам қайраткері Сұлтанбек Қожановтың кітабын шығаруға демеу бөлдірді. Мектептерде өтіп жатқан қаншама білім байқауларына, спорттық шараларға демеушілік жасауда. Базарбайдың көмек сұраған адамдарға көрсеткен қамқорлығын тізіп жаза берсең үлкен дүние, десек те Базарбай Нұрланұлы қайырымдылық жасауды, көмек беруді, одан бөлек елге қызмет көрсетуді азаматтық борышым деп санайды. Әрине осындай жүрегі жомарт жандарға Алыстан басқа айтар сөз жоқ. Аудандық мәслихаттың депутаты, жеке кәсіпкер Нұрланұлы Базарбайдың игілікті ісі көпке үлгі болары сөзсіз.

**Нұржамал МАЙУСОВА,
А.Байтұрсынов атындағы
жалпы орта мектебінің ата-аналар комитетінің төрайымы.**



АХМЕТ ТАҒЫЛЫМЫ

XX ғасырдағы қазақ рухани мәдениетіндегі көшбасшылардың бірі болған Ахмет Байтұрсынұлы - өмірі аңызға айналған, шығармашылығы қазақ әдебиеті мен мәдениетінде, жалпылама алғанда тұтас қазақ халқы үшін үлкен маңызға ие ұлы тұлға.

Ұлт ұстазының ғылым мен мәдениетте тың жаңалықтар ашып, үлкен жетістіктерге қол жеткізуіне сеп болған халық үшін еткен еңбегі мен төккен тері. Ол өзінің еңбектерін бүкіл алаш жұртының көзін ашып, көкірегін оятуға, халықты қараңғылықтан құтқаруға арнаған адам. Барлық еңбегінің бастауы болған, алғашқы сауат ашу құралы ретінде жазылған «Оқу құралы», «Тіл құрал» және «Әдебиет танытқыш» атты зерттеулері мен елді оятуға сонымен қатар алштың ертеңін ойлауға үндейтін «Қырық мысал», «Маса» еңбектерін жазып шығуы осыған дәлел.

Жалпы бізге Ахмет Байтұрсынұлының өмірі мен шығармашылығынан алар тағылым аса мол. Оның қайсыбір зерттеулерін не болмаса аударма еңбек-

теkte оқулық мәселесін шешуге кірісті. Дәл осы мақсатта 1910 жылдан бастап араб жазуының қазақ тілі үшін қолайсыз жақтарын түзетіп, тілдің дыбыстық ерекшелігіне сай етіп, ұлттық әліпби жасап шықты. Осылайша X - ғасырдан бастап өзгеріссіз қолданылып келген жазуды өзгертіп, тілімізге тиімді жақтарын таразылай отырып, қазақ тілінің төл дыбыстарына ғана тән 28 әріптен тұратын әліпби құрастырды.

Ғалымның бізге жеткен тағылымды ойлары, түрлі тақырыптағы пікірлері өте көп. Соның ішінде: «Тіл-адамның адамдық белгісінің зоры, жұмсайтын қаруының бірі», «Егерде біз қазақ деген ұлт болып тұруды тілесек, қарнымыз ашпас қамын ойлағандай тіліміздің де сақталу қамын қатар ойлау керек», «Сөз жазатын адам әрі жазушы, әрі сыншы болуы керек», «Бізге тіліміздің бұзылмай сақталуын тілесек, өзгелерше әуелі өз тілімізбен оқытып, онан соң басқаша оқытуы тиіс» - деген мағыналы тағылымдарын тілге тиек етсек болады. Бұған қарап ұлы тұлғаның

өткізілді. Байқауды өткізудегі мақсат-мемлекеттік тілдің қолданылу аясын кеңейту, тіл мәдениетін көтеру, көркем әдебиетті, ұлт ұстазының еңбектерін насихаттау, халық арасынан талапты, талантты жастарды іздеп табу. Байқауға аудан мектептерінен 8,9,10 сынып оқушыларынан 17 үміткер қатысып, алғашқы кезеңінде Ахмет Байтұрсынұлының өлеңін мәнерлеп оқыды. Екінші кезеңде аудармасын мәнерлеп оқыса, үшінші ке-

зеңде Ахмет Байтұрсынұлының өмірі мен шығармашылығы жайлы сұрақтарға жауап берді.

Сонымен қатар, аудандық орталықтандырылған кітапханалар жүйесінің оқырмандарға қызмет көрсету бөлімімен бірлесе «Ұлт ұстазы» тақырыбында дөңгелек үстел өткізілді. Дөңгелек үстелге аудан орталығында орналасқан А.Байтұрсынұлы, Ә.Молдағұлова, Ы.Алтынсарин, А.Сүлейменов атындағы жалпы орта мектептер мен Н.Төреқұлов атындағы ІТ мектеп-лицейі мен Т.Әлімқұлов атындағы №14 мектеп интернат-лицейінің ұстаздары мен жоғары сынып оқушылары қатысты. Дөңгелек үстел барысында «Қазақстан халқының тілдері күні» тақырыбында бейнеролик көрсетіліп, «Ұлт ұстазы» тақырыбында баяндама оқылды. Тіл тақырыбында қалам тербеген ақындарымыздың өлеңдері оқылды. Ахмет Байтұрсынұлының еңбектері және қазақ мақал-мәтелдері, нақыл сөздер авторлары жайлы викториналық сұрақтарға қатысушылар жауап берді. «Ахмет Байтұрсынұлы еңбек-



терін алсаңыз барлығының дерлік түпкі мақсаты, айтар ойы қазақтың тұтастай ел болып қалыптасуы, қараңғылық құрсаудан босап, халықты сауаттылыққа шақыру еді.

Ахмет жайында сөз қылғанда оның қазақ жазуының қалыптасуындағы атқарған рөлін айтпай кетуге тағы болмас. Ол өзінің саналы ғұмырында қазақ тіліндегі дыбыстар жүйесін зерттеп, қазақ тілін басқа тілдердің ықпалынан тазартумен айналысты. Ғалым ғылым мен мәдениеттің өркендеп дамуы жазу арқылы жүзеге асатынын жақсы түсінді және оны басқаларға ұқтыруға тырысты. Жоғарыда айтылғандай қараңғылық пен сауатсыздықты жою үшін бірінші ке-

туған тіліне деген құрметі жоғары болғанын және оны бәрінен биік қойғанын аңғару қиын емес.

Қазақ халқының әлеуметтік, саяси, мәдени, тарихи өмірінде ойып аларлық орны бар Ахмет Байтұрсынұлының еңбектерін молынан дәріптеу, кейінгі жас ұрпақтың бойына отансүйгіштік, ұлтжандылық сынды қасиеттерді дарыту жолында таптырмас айла.

Міне, осы мақсатта Созақ ауданы әкімдігінің мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімінің «Тілдерді оқыту және дамыту орталығы» КММ-нің ұйымдастыруымен Ұлт ұстазының 150 жылдығына арналып, Қазақстан халқының тілдері күні мерекесіне орай «Ахмет оқулары» байқауы

терін қалай насихаттау керек?» және «Мемлекеттік тілдің мәртебесін көтеруге қалай үлес қосамыз?» сынды сұрақтар ой-талқыға салынып, дөңгелек үстелге қатысушылар осы сұрақтар төңірегінде ой қозғады.

Бұл Ахмет Байтұрсынұлының шығармаларын насихаттау барысында атқарылар шаралардың бір парасы ғана. Алдағы уақытта да қарғынды жұмыс жалғасын таппақ.

Айтбек ЕСЕНГЕЛДІ,
Созақ ауданы
әкімдігінің мәдениет,
тілдерді дамыту, дене
шынықтыру және спорт
бөлімінің «Тілдерді
оқыту және дамыту орталығы» КММ-нің қазақ тілі оқытушысы.

Ұлт ұстазы

Ахмет Байтұрсынұлы қазақ халқынан шыққан ақын, ғалым, қоғам қайраткері, публицист, аудармашы, ағартушы, Алаш-Орда үкіметінің мүшесі болған бірегей тұлға. Мен осынау алып, аңыз адамның халқына жасаған еңбегінің бір парасы ағартушылық қызметін ғана сөз етпекпін. Себебі оның бүкіл адамзатқа қалдырған еңбегін бір мақалаға сыйғызу мүмкін емес. Он екі жасында Ахметтің әкесі Байтұрсын ояз Яковлевтің озбырлығына қарсы шыққаны үшін итжеккенге жер аударылады. Бала Ахмет атасының тәрбиесінде өсіп, ер жетеді. Әкесі Сібірге жер аударылып бара жатып «Аш жалаңаш жүр, қорлық көр, бәрібір оқы балам. Тым болмаса артымнан маған хат жазатын хәлге жет» деп өсиет қалдырған екен. Осы аманатқа берік болған Ахаң бүкіл саналы ғұмырын оқу мен білімге арнайды. Ахмет бар болғаны 6 жыл ғана білім алған, оның екі жылы Торғайдағы орыс-қазақ мектебі болса. Орынбордағы төрт сыныптық мектепті ғана тауысқан. Осындай біліммен ғана сусындаған Ахаң «Ұлт ұстазы» дәрежесіне қалай жеткен? – деп таңданбасқа лажың жоқ.

Бүгінде мүйізі қарағайдай академиктердің өзі Ахаң жасап кеткен мол мұраның жартысына да қол жеткізе алмауының себебі неде? – деп ойлаймын. Мәнінше, бүгінгі оқымыстылар Ахаңдай ұлтын сүйген жоқ, оларға ұрпақтың келешегі үшін заманнан, күншілдерден Ахаңдай таяқ жеген жоқ. Міне, осының барлығы Ахаңның ағартушылығына, қайраткерлігіне, ғылымды жан-тәнімен сүйуге қанат бітірді, құлшынысын туғызды, – деп ойлаймын. Неткен елдермендік, неткен жанкештілік, неткен еңбекқорлық!

Мұндай қасиет ұлы адамдарда ғана болады. Ахаң ағартушылық бағытта Абайдың қатарында тұратын жалғыз дара тұлға. Абай заманында надандардан көңілі қалып, беті қайтқан кезінде «Мыңмен жалғыз алыстым кінә қойма...» - деп қамыққанын жақсы білеміз. Ал, Ахаң болса халқын қараңғылықтан алып шығу жолында азаттық үшін биліктен қанша таяқ жесе де алған бетінен қайтқан емес. Сол үшін де Архангельскіге жер аударылып, одан қайтып оралса да «Ұлы мұратының» жолынан тайған жоқ. Өз сөзімен айтар болсам «Рахатсыз өтсе де өмір жасым, бұл жөнімнен айырмасын Құдайым...!», - деп жазды. 1909 жылы Петерборда бастырған «Қырық мысал» еңбегінде жұртын надандықтан, патшаның озбырлығынан құтылудың жалғыз жолы білім алу, сауат ашу, кәсіп үйренуде деп, барша халқын осыған шақырды. 1911 жылы Орынборда жарық көрген «Маса» атты өлеңдер жинағында жастарды оқу-білімге, ғылыммен айналысуға үндеді. Сол заманда жастардың білім алуына жағдай жасауды биліктен талап етуден тан-



бады. Ахаңша айтқанда; «Балам дейтін жұрт болмаса, жұртым дейтін бала қайдан болсын», - деген сөз қалдырған. Ахаңды сөз еткенде оның тұңғыш қазақ «Әліпбиін» құрастырып, халыққа ұсынғанын айтпай кетуге болмас. 1924 жылы араб графикасына негізделген 24 әріптен тұратын қазақ «Әліпбиінің» авторы. Бұл еңбегін қабылдау оңай болған жоқ. Латын графикасын жақтаған коммунистер бар жан-тәнімен оған қарсы шықты. Бірақ, Ахаң латынға қарағанда араб графикасының артықшылығының, оның жеңілдігінің 25-30 пайызға артық екенін ғылыми тұрғыда дәлелдеп шықты. Әттең, «халық жауының еңбегі», - деп Ахаң ұсталған соң бұл әліпбидің ғұмырына да балта шабылды.

Қазақ елі Ұлы ағартушының жанқиярлық еңбегі мен қайраткерлігінің арқасында бүгінде сауатты, білімді ұрпақ өсіріп, тәрбиелеп отырған елдердің қатарында. Бүгінгі ұрпақ біздер «Ұлт ұстазының» әруағының алдында бас иеміз және оның мұрасын жас ұрпаққа насихаттау мен санасына сіңіру жолында еңбек етуге міндеттіміз. Міне, сонда ғана Ахаңның аты мәңгі өшпейтін болады.

Осы орайда «Ұлт ұстазының» атын иеленіп отырған А.Байтұрсынұлы атындағы жалпы орта мектебі мерей тойдың құрметіне арнап бір айлық іс-шара түзіп жұмыс жасау үстінде. Онда бүкіл ұстаздар мен оқушылар А.Байтұрсынұлының өмірі мен шығармашылығынан эссе жазудан бастап, баяндама оқулары, реферат қорғау, көркем сурет байқауы сияқты түрлі тәрбиелік іс-шараларды атқарып келеді. Оның қорытындысы Созақ ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімінің ұйымдастыруымен осы аталған мектепте 3-4 қараша күндері өтетін ғылыми – тәжірибелік конференцияда арнайы көрсетілетін болады.

Қазақстан Республикасы Президентінің сайлауы өткен соң спорт залда жоғары сынып оқушылары арасында спорттық жарыстармен аяқтап үздік спортшылар марапатталады деп күтілуде.

Талғат ШАЙМЕРДЕНОВ,
Қазақстан Журналистер
Одағының мүшесі,
А.Байтұрсынұлы атындағы
жалпы орта мектебінің
директоры.

(Соңы. Басы өткен санда).

Қазір оның бәрін ұмытып қалдым. Алғашқы бір ауыз өлеңі ойымда қалыпты. Асудан асып күнгей бетке шықтық. Судың бәрі күнгейге оңтүстікке қарай ағып жатыр. Біздің жақта солтүстікке қарай ағады. Сондықтан да біздің жақты «Теріскей»-деп атайды. Таудың бәрі шың, қия жартастар, салдырама, құздар, терең шатқалдар болып келеді. Асудан асқан бетте қарсы жақтағы тау-

Осынау бір сезім. Сәкеңнің жүрегінде ұзақ уақыт қайнап жатты. Ақыры ол «Туған жерге тағзым» - деген ән болып туды.

Ол туған жерін өте қатты сүйді. Қашан ауданға барсақ, қолымнан ұстап алып кабинетіне кіргізіп алып, ауылдың үлкен-кішісін, апа-әжелерді, ағаларын, бұлақтарды ерінбей сұрайтын. Бірге ойнап өскен достары мен сонау бір бала кезде бірге ойнап, жалаң аяқ көкпар шапқан қатарлары мен балаларды тәпшіштеп сұрайды.

абыроймен қызмет етті.

Ұзақ жылғы жемісті еңбегі үшін көптеген марапаттаулардың иесі болды. Сағынтай шығармашылық жұмысын сонау бала кезден бастады. Мектеп қабырғасында жүргенде ұтытты тілмен, өткір сықақтарымен қабырға газеттерін шығаратын. Бала махаббатын да сол кезде бастады. Жетінші класста оқып жүргенде біздің кластың бір қызын өте жақсы көрді. Өзі сол қыздың көршісі еді. Әдемі аппақ көркем қыз болатын. Бір күні

Қалса дедім Сағынтайдан Сағыныш

дың басынан біздерге арқарлар қарап тұрды. Тіпті біздерден үрікпейді. Мылтықтарымыздың жоқ екенін сездіме қайдам. «Бес сазға» дейін біраз жүрдік. Жақындағанда бір жырада қалың қарға кездестік. Төменгі жағынан мұздай, мөп-мөлдір су ағып жатыр. Көліктерден түсіп су ішіп маз болып жатырмыз. Сағынтай, Жаппарбек, Аман қатар отырған. Біздер төмендеу отырдық. Мелдеш қалың қарға қарай өрлеп кеткен. Қардың асты қуыс үңгір құсап тұрған. Бір уақытта келді де қатар отырған Сағынтайдың желкесінен басы қарға бармақтай ақ құртты тастап көп жіберді. Сағынтай ұшып тұрып –«Ойбай не пәле»-деп сілкініп жүр. Көйлегі шалбарының ішінде екен. Секіріп жүр, секіріп жүр. Көйлегі құрғырдың тіріде етегі шыға қоймайды. Бір уақытта көйлегін шешіп алды-ау. Мелдешті тұра қуып берді. Мелдеш те оның қуатынын біліп дайын тұр екен. Тұра тауға қарай қашты. Сағынтай таспен сабап қуып барады. Анау жеткізер емес. Тасты тигізбейді. Біраз қуды да ентігіп қайтып келді. –«Қап қолыма түскенде шайнайтын едім» - деді. Қып-қызыл болып ашуланып, пара-пара тер болып кеткен. Басқамыз ал көп күлістік. Бір уақытта өзі де күліп жіберді. Мелдеш таудың үстіне шығып, бізге қарап шоқыып отыр. Сағынтай жұдырығын түйіп: - Қап осыдан қолыма түсерсің бәлем - деп кіжініп қояды. Біздер қызық көріп қардың астына барсақ аққұрттар бармақтай-бармақтай болып құжынап жатыр. Қар сауы еріп жатыр. Төмен аққан суы мұп-мұздай, іше бергің келеді. Әлгі құрттарды көрген соң қардан аққан суды ішпейтін болдық.

Жонға шықтық. Бес бұлақ күнгейге қарай ағып жатыр. Бұлақтардың басы қалың қамыс қоға, қалың жылқы. Әр жерде жусап тұр. Салқын самал. Керемет жайнап тұр. Үлкен бұлақтың басына келіп көліктен түсе бастадық. Сағынтай көкала құнанмен желдіртіп «Бес сазды» айналып шықты. Көлгенде Сәкең толқып тұрды.

Қандай керемет, сезімге сыйлар серілік, Мыңжылқының жайлауы – деп әлденені күбірлеп, атынан түсіп бірдеңені құрастырып жүрді. Мелдешке деген ашудың ізі де жоқ.

Көз тоймас көркем атырап, көңілдің сыйын жатырап – деп, жан-жаққа қарап тұрды да: - Керемет неткен әсем көрініс – деді толқып. Аман: - Сағынтай сен осы «Бес сазда» қалсай құшағыңа сыйса, ауылға алып кетер түрің бар ғой – деді.

Бәрін сағынады. Бәрін көргісі келеді. «Қара бұлақ», «Ақбұлақтардың» суы қалай? Ағып жатырма, шөбі орылама? Қойтай көке әлі қорықшы ма? – дейді ғой. Өйткені: әкесі мен Қойтай деген кісі де қорықшы еді.

Ауылдағы мектеп жайын, елдің күн-көріс көзін ынта қойып сұрап отыратын. Басбұлақтан әлі кішкене балалар қатынап оқима? Сызғаннан мектеп ашылып дұрыс болды. Басбұлақтың балалары оқитын бастауыш мектеп ашса болар еді – деп армандайтын. Кейін ол мектепті де ашты.

Сағынтай 1944 жылдың қаңтар айының он бесінде Шұқырой көлінің жағасында Қозмолдақ-Сызған елінде үлкен ағасы Әмірәліден он бес жылдан кейін өмірге келіп әкесі Байділда мен анасы Тәжікүлді, бүкіл ауылды қуантты. Соғыстың соңғы жылдары еді. Елдің де анау айтқан жағдайлары да маз емес. Бір-біріне сүйеніп ынтымақпен, қанағатпен өмір сүріп жатқан кез. Елдің күн көріс көзі де төмен.

1951 жылы Қозмолдақтағы жеті жылдық мектепті бітірген соң Шолаққорғандағы мектеп-интернатқа пансионға келіп, Ы.Алтынсарин мектебінде оқуын жалғастырды. 1962 жылы он жылдық білім алған соң Шымкент қаласындағы педагогикалық институтының филология факультетіне оқуға түсіп, оның қазақ тілі және әдебиеті пәнінің мұғалімі мамандығы бойынша 1966 жылы бітірді. 1966-67 жылдары Созақ ауданындағы А.Иманов атындағы мектепте мұғалім болып еңбек жолын бастады. 1966 жылы студенттің соңғы жылында Орынкүлмен шаңырақ көтерді. Қозмолдақтағы үйінде шағын ғана той жасап, сол кездегі жастар маңдалин, домбырамен қарсы алған едік. Сағынтай үйленген соң мен әскерге кеттім. Қысқа мерзімді демалысқа келсем 1968 жылы аудандық газетте істеп жүр екен. Аудан орталығында кездесіп біраз әңгімелестік. Көкесі келместің кемесіне мініп кетіпті. Апамыз Тәжікүл шаршаңқырап қалған екен. Мені көріп біраз көзіне жас алып, әке шешемді айтып қамығып қалды.

1969 жылы әскерден келсем Сәкең аудандық комсомол комитетінде екен. 1977 жылы 1983 жылдары Жартытөбе кеңшарында ауылдық кеңестің төрағасы, Шолаққорған ауылдық кеңестерінде атқару комитетінің төрағасы болды. 1983 жылы А.Иманов атындағы мектептің директоры болып 1985 жылдары атқарды. 1985 жылдан зейнеткерлікке шыққанша жиырма жыл бойы білім бөлімінің меңгерушісі болып

маған Тиянақ екеуі хат жазып апарып бер-дейді. Мен кенбеймін. Ол қыз менімен бірге бір партада отырады. Екеуі бірге мені оңаша шығарып әлгі хатты беріп, бір уыс қуырылған бидайды қалтама салып берсін. Сосын мен мақұл деп хатты алдым. Бірақ қалай берерін білмеймін. Екі-үш күн бере алмадым. Бір күні кітабының арасына салып жібердім. Ол қыз оны Омар ағайға беріп қойыпты. Біраз шу болды. Омар ағай мені біраз сұрақтың астына алды. Мен мойындамадым. Ақыры ол хатты Сағынтай жазғанын біліп қойды. Өйткені екеуі қабырға газетін шығарады ғой. Хаттағы жазуға қарап Сағынтайдың хатын салыстырса бірдей болып шығыпты. Омар ағай өте пысық, парасатты кісі еді. Сағынтайды мойындатып, ол тірлікті сол күйі жылы жауып қойды. Ол қызды оқу жылы аяқталмай-ақ әкесі мал ауылға әкетіп қалды. Қайтып келмеді. Келесі жылы бізден бір класс төменгі класқа келіп отырды. Сағынтайлар жетіншіні бітіріп, Шолаққорған пансионға жатып, Ы.Алтынсарин мектебінде оқуын жалғастырды. Алғашқы махаббат осымен аяқталды.

Сағынтай оныншыны бітірген соң, студенттік өмір, одан қызметке ерте араласты. Қызметте жүрсе де, мектепте ұстаздық жұмыстарда жүрсе де ол шағармашылық жұмысын жалғастырумен болды. Бірнеше кітаптың авторы. Оның өлеңдері мен шағармалары аудандық, облыстық, республикалық басылымдарда үздіксіз жарияланып жүрді. «Ақ желкенді алау күнім», «Түс ауғанда», «Жырлайды жүрек», «Айналайын» атты жеке жинақтары Алматы, Шымкент қалаларындағы баспаханаларда басылып, оқырмандарға жол тартты.

«Сырлы Созақ», Асқар, Созақ, Парыз, Ақжол, Сахара самалы, Назымғой нақыш Нармақан» атты жинақтарда өлеңдерімен прозалық шығармалары енген.

Ақын 2000 жылы Шымкенттен шыққан «Оңтүстік зиялылары» - деген танымдық-энциклопедиялық кітапқа енген.

Марқұм Байділдаев Сағынтайдың 5 қыз, 2 ұлы бар. Зайыбы Құлжанова Орынкүл көп жылғы ұстаздық жемісті еңбегі үшін «Қазақстан Республикасы білім беру ісінің озық қызметкері» белгісімен марапатталған.

**Рахманберді
ЖАППАРҚҰЛУЛЫ,
тарихшы, өлкетанушы,
Ы.Алтынсарин медалінің
иегері.**

Ұстазға тағзым!

(Еліміздің ардақты ақыны, өнер қайраткері, Қазақстан жазушылар одағының мүшесі, ұстаз, ақын абыз ата Өскен Бөрғазиевқа арналады)

Сағынып шықтым ерте таң самалын,
Естуге құстар қалай ән салғанын.
Ауылымның баға жетпес келбетіне,
Қараймын рахаттана, тамсанамын.
Я Алла тыныш болсын атар таңым,
Аманат тек өзіңе шыбын жаным.
Сабырлық пен саулық бер, иманды қыл,
Өлгеннен соң сенікі болар тәнім.
Айтарым көп кеудемде барда жаным,
Жаза берем қалғанша қасық қаным.
Өмірде өз орнымды таппайынша,
Қорқытмай менде ажалға асықпадым.
Тұрғандай бір қара күш басып дәйім,
Ішімде айтылмаған бар еді уәйім.
Өмірден өткен ұлы ұстазымды,
Еске алып айтқандарын сөз қозғайын.
Айтушы еді көп ойла деп елдің жайын,
Оқыңдар таусығанша көздің майын.
Өмір деген бір ағыс өте шығар,
Болу керек өмірге адам дайын.
Жас келеді ауыл жақа барған сайын,
Маған мәлім сырлары әрбір сайдың.
Қайнар деген атыңнан айналайын,
Топырағыңда домалап қозы жайдым.
Суын ішіп,нанын жеп өскен жерім,
Ата-анама түсіріп аппақ келін.
Разы ма екен аруағы ата-баба?
Кетіп еді Өскенге артып сенім.
Ақылды сатып емес, берем төгін,
Айта алсаң ел ішінде сөздің жөнін.
Айтылмас ақиқатты айта білсең,
Артамын деді ақын саған сенім.
Ақын ғана айта алар мақтап елін,
Бағалай біл,қастерлеп туған жерің.
Ақынды тек ақындық дәлелдейді,
Маңызды емес өнерде сенің төгің.
Халықтың шығара біл ішкі шерің,
Тастамас дана халық жауға ерін.
Алладан соң жаныңа медеу болар,
Еліңменен арада болса сенім.
Осыны айтып ақын қол жа берді,
Әрбір сөзі жанымға сая берді.
Қадап-қадап батасын бергеннен соң,
Қайтып көре алмадым қайран ерді.
Кеткеннен соң қаралы хабар келді,
Тәрк етіп кетті ақын бүкіл елді.
Қоштасып соңғы ретте көре алмадым,
Сырласып рухыңменен тұрмын енді.
Өшірмеуге тырысам енді ізіңді,
Сағынады ауылың енді өз ізіңді.
Ақын абыз ата деп таратамын,
Кітапқа жазып кеткен әр сөзіңді.
Ауылымды анамдай бағалаймын,
Бауырында жатқан жас баладаймын.
Мойныма алған сертімді орындамай,
Ажал мені алғанын қаламаймын.
Сізге берген сертімді адалдаймын,
Шабытпенен еліме жыр жолдаймын.
Қағазбенен қолыма қалам алсам,
Төбемнен қарап менің тұрғандайсың.
Өмір деген кино ғой бір үзінді,
Көре алмадым қош айтып ақ жүзіңді.
Үш ақ мәрте сырласып,жүздессекте,
Жүрекке қашап жаздым есіміңді.
Қайнап жатқан теріскей бұлақ едің,
Көгедей атты теңіздің құрағы едің.
Өлгендерді тірілтіп жан бердіңде,
Өзің ғайып болдың ғой құлагерім.
Бір әулеттің қорғаушы тұмары едің,
Көк аспанымен таласқан шынар едің.
Рухыңа тағзым етіп,бас иеді,
Артыңда аман жүрген қалың өлің.
Пейіштің төрі болсын жатқан жерің,
Тәңірдің өзі сізге төксің мейірім.
Қазақтың даласындай көң еді ғой,
Халқыңа Абыз ата көлдей пейілің.
Қабылдар, қабылдамас халқым мейілің,
Іштегіні ақтарып бір жеңілдейің.
Жақсы,жаман болсақта өлгеннен соң,
Ешбір пенде қалмайды көмілмейін.
Қаратау қандай әсем өңірлерің,
Бір күні менде осында көмірлерімен.
Әулие бабаларым жатқан жерде,
Бірі боп қатарында өлілердің.
Арнасынан тасыған кейде көлмін,
Құлазыған сар жайлау кейде шөлмін.
Арқа сүйер айналдым халқым сенен,
Өткенімше өмірден саған сендім.

Ибрагим ХАЛИЛУЛЛА.

Сөзақ көтерілісіне қатысып ақталғандар

Сарысу-Сөзақ көтерілісі-Жамбыл облысы Сарысу ауданы мен Түркістан облысы Сөзақ ауданында Кеңес өкіметінің 1930 жылғы асыра сілтеушілік саяси және экономикалық шараларына қарсы көтерілген халық қозғалысы. 1928 жылы күзде Сарысу ауданының бір топ ауқатты адамдары тәркіленді. Науқан соңына қарай, тәркілеуге қарсылық ұйымдастырмақ болды деген желеумен 1928-29 ж. Дінмұхамед Әділов, Ағабек Байдуллаев, Асқар, Әбубәкір, Жолдасбай, Әбуәлі Әділовтер, Нұрлан Кәрібаев, Әкпар Ыбыраев, Мұхамедия Арғынбаев, Артықбай Әлин, т.б. ел ішінде белгілі азаматтар (барлығы 16 адам) ОГПУ тарапынан ұсталды, ал Байсейіт Әділов оққа ұшты. Оларға Кеңес өкіметінің өкілін өлтіруге қатысып, іс-шараларына бұрыннан кедергі келтіріп келе жатқан, “алашордашылардың басқарушы тобы үлкен міндеттер артқан...”, “Әділовтің алыс Сарысу ауданындағы бандасы” деген жала жабылды. Әуелі Қызылорда, Алматы түрмелеріне, одан Мәскеудің Бутыркасына қамалып, сол жақта әйгілі “үштік” шешімімен сотталды. Ал ел ішінде ірі байларды тәркілеу соңы орташа дәулеттілердің мал-мүлкін сыпырып алуға ұласты. Салық ауыртпалығын сезінбеген шаңырақ қалмады. Шолақ белсеңділік үдеді. Осы жәйттер ел тұрмысын қиындастырып, билік шарасына наразылық сезімін күшейтті.

БК(б)П Қазақ өлкелік к-тінің 1-хатшысы Ф.И. Голощекин 1930 ж. наурызда И.В. Сталинге жолдаған құпия ақпарат-хатында Сарысу ауданымен іргелес жатқан Сөзақ ауданындағы (екеуі де Сырдария округінде) наразылықты ірі бұқаралық қарулы көтеріліс ретінде бағалап, жазалаушылармен (коммунистік жасақтар) шайқаста 400-ден аса көтерілісшінің өлгенін хабарлайды. 200-ге тарта адам тұтқынға алынған, ал көтерілісшілерден қолға түскен қару-жарақ саны-70-тей мылтық, 50 шақты темір сүңгі, балта, айыр, найза, қылыш, т.б. Яғни 600 көтерілісшінің 120-сы ғана қаруланған. Демек, жазалаушылар іс жүзінде қарусыз, кеңес өкіметінің бұрмалауларына өкпелі бейбіт халықты қырып тастаған. Осы шығыны мол көтерілістің басты ошағы-тама руының ауылдары орналасқан Сарысу ауданы болды. ОГПУ ақпараттарына қарағанда “өзін хан деп атайтын бай Сұлтанбек Шолақтың бандасы Сырдария округінің Сарысу ауданында (Әулиеатаның солтүстік-шығысында 160 км) ұйымдасқан”. Көтерілісшілердің 1930 ж. 5 ақпанда Шолаққорғанға беттегенін, одан Сарысу ауданының орт. Кентаралды басып алмақ ниетте екенін ГПУ органдары біліп отырды. Тарлан шатқалында қолға түскен “Банатаев Қарынбай деген бандит... банданың белсенді әрекет етіп жатқанын растады”. “Сарысу ауданы ГПУ өкілі Тыныштықбаевты атыс кезінде бандиттер өлтірген”. Осыларға байланысты Кентаралда нашар қаруланған 200 адамнан тұратын өзін-өзі қорғау отряды ұйымдастырылды, Сарысу ауданын қорғауды күшейту, сонымен бірге шешуші Сөзақ операциясын өткізу шаралары қолға алынды. Сөзақ операциясын “табысты” аяқтаған жазалаушылар Сарысу, Талас аудандарына екі-екіден коммунистік отряд жіберіп, көтерілісшілерді іздестірді. Сарысулық “банда” алғашқы қақтығыста-ақ талқандалып, жетекшілері қолға түсірілді. “Сарысу ханы Серік” пен Сарысу көтерілісін ұйымдастырған Жантірешманов, Сараев “қашып кететін болғандықтан” атып тасталды. Жүздеген адам түрмеге қамалды. Көтеріліс соңы ашаршылыққа ұласты. Ұзамай Кентаралда тұратындар босып кетіп, ауыл қаңырап босап



қалды, ал аудан орталығы Сауда-кентке көшірілді. Соған қарағанда, мұндағы тікелей және табан астында қатал жазалау шараларының пәрменді де кең көлемде жүргізілгені аңғарылады. Сарысу-сөзақ көтерілісі ресми басылды деп жарияланғаннан кейін, оған қатысты деген желеумен жүздеген жазықсыз жанды ОГПУ-дің әйгілі “үштіктері” түрлі мерзімге абақтыға жауып, жер аударды. Халықтың өмірі-шаруасында. Шаруасы күйлі болса, халық та күйлі. Шаруашылық - адам баласының өмір арқауы. Арқауы нашар кілем, алаша көпке шыдас бермей тоз-тозы шығады. Шаруасы шайқалған қазақ ауылдары дәл осылай болды. Жер-жерлерде наразылық білдіріп, халықтың толқуы етек ала бастады. Сондай наразылық толқулар Шаян болысының кейбір ауылдарында 1927 жылдың қаңтарында жалын-дағанмен ол тез қолға алынып басылды да «байлардың үгітімен Кеңес үкіметіне қарсы жасалған Шаян көтерілісі» деген айдар тағылып, қылмысты іс қозғалып, сол «көтерілістің» ұйытқысы, ұйымдастырушылары болды деген Жакыпбек Жолдасбеков, Игембек Кожатаев, Қарымбай Әлімбаев, Әбдіраман Тамаев, Әмірбек Баубек, Момбек Жолдасбеков, басқа да азаматтар жауапқа тартылды. (ШОПҚПА 29 қор, 1 жазба, 190 іс, 9п.).

Біз төменде Түркістан облыстық өңірлік қоғамдық саяси тарихи архивінің директоры Шардарбекова Гүлнар Сәдібекқызымен бірлесіп отырып Түркістан облысы бойынша саяси қуғын-сүргін құрбандарын ақтау жөніндегі жұмысшы тобының мүшесі ретінде Сөзақ ауданы бойынша қуғын-сүргінге ұшыраған, оның ішінде ақталғаны бар, ақталмағаны бар дегендей 271 адамның тізімін жариялап отырмыз. Осы тізімдегі азаматтарды танитын жандар болса, ұрпақтары болса аудандық «Сөзақ үні» газеті редакциясына келіп қолдағы, ойдағы ақпараттарымен, құнды деректерімен бөліссе деп сұрауымыз. Бізге кейбір азаматтардың деректерін анықтау қиынға соғып жатыр.

Жакупов Сапархожа 1892, Абдуллаев Шал 1889, Ақбергенов Бақдәулет 1906, Жамалетдинов Қожахмет 1898, Досаев Нұрмұхамед 1859, Тұрғымбаев Шоқтай 1886, Нұрметов Ташмет 1861, Олханов Сопыбек, Көлбаев Тынышбай 1858, Сығаев Құдиярбек 1860, Жантуаров Махан 1890, Райымов Бейсенбай 1858, Райымов Сәрсенбай 1865, Медаубаев Ақбай 1879, Сүменов Жарлықасым 1901, Жембаев Амантай 1889, Азнабаев Жұмаділ 1882, Дулов Баймұрза 1869, Молбаев Балабек 1870, Бимұрзаев Жүсіпбек 1886, Нарметов Идиятулла 1888, Төлешов Ержан, Әметов Тоқсубай 1870, Камалов Ақатай 1894, Шамалов Дүйсеке 1873, Шамаев Тұрғынбай 1882, Үсембаев Бөпежан 1892, Ешназаров Жүсіпбек, Айныбеков Жибаға 1864, Өмірзақов Қайып 1875, Биалиев Құлдан 1872, Омарғалиев Оспан 1869, Муржалиев Мерабдулла 1863, Жолшиев Қанапия 1879, Омаров Әбділі 1872, Құдайбергенов Баба-

хан 1872, Қайыпов Қалжан 1877, Тілеукеев Әліп 1867, Ерімбетов Ерубай, Ескенбеков Нағаш 1884, Тайпи-ев Аиман 1903, Төкенбаев Орман 1900, Оңғарбаев Әлімхан 1908, Кегедиев Ергеш, Сәнбетов Үркімбай 1901, Айтешев Ахмет 1883, Мұралиев Сайдтәжі 1899, Шалов Білем 1901, Досаев Нармет 1878, Шалов Қалмет 1874, Қалметов Омар 1907, Байтұрсынов Дөненбай 1888, Қаратаев Мұсайып 1878, Әбдірасов Әділбай 1884, Исаев Жақып 1896, Жұпанбаев Жұмаш 1897, Ысқақов Тұрғымбек 1907, Кеңсейітов Әлімхан 1880, Темірханов Аббас 1906, Орымбаев Әлімбай 1893, Ыбыраев Орақбай 1876, Құдияров Шәдібек 1883, Көркембаев Қибасар 1875, Шалбаев Имамбай 1878, Байназаров Мейірман 1898, Сәрсенбаев Байжұман 1898, Байназаров Әлайдар 1911, Жайлыбеков Төлеген 1900, Бекмой-ынов Жабәк 1876, Шүлебаев Өтебай 1900, Айхымбеков Арыстанбек 1910, Исақов Жақып, Оралбаев Тенесбай 1894, Бисүгіров Тәжібай 1897, Доңғалақов Жұманбай 1885, Аяпов Бекболат 1899, Ақшалақов Омар 1906, Есенов Ақай 1905, Төле-сов Төтебай 1890, Әлиев Хайрулла 1907, Шаятаев Сұлтан 1909, Базаров Зиятолла 1886, Нұрмахамбетов Төлебай 1909, Жұманов Әбіш, Ішметов Оспан 1899, Хамитов Әшір 1889, Рысметов Ешмет 1890, Нұрметов Сүбүхан 1908, Сегербаев Айтжан 1890, Кенжебаев Әбдірахман 1894, Мырзалімов Оспан 1900, Тәліпов Нұсұретдин, Тұрсымбаев Латип 1905, Тілеубергенов Секімбай 1879, Тәжібаев Кеңгелді, Омаралиев Мырзақасым 1901, Жабаяев Рүстембек 1894, Жарымбетов Алтай 1892, Даулетяров Әбдірайым, Алтыбаев Мәделіхан 1878, Бертыбаев Әлжан 1908, Шөкібеков Айтмұхамед, Әуезов Манкен 1883, Мырзаев Қалпе 1906, Мүсірепов Ермұхан, Байымбетов Әмет 1890, Бегманов Бейсембай 1883, Атантаев Созай 1896, Ибрагимов Иса 1891, Тынышбаев Мақаш 1900, Қайыпназаров Тұрғымбек 1898, Өсербаев Жүнісбек 1891, Өтебаев Тілеу 1896, Жолыбаев Елеш 1897, Бейсейітов Нәисидек 1906, Сәлімов Нақышман 1886, Баймұрзаев Нақбек 1896, Әбдірасов Нұрлыбай 1891, Рысбаев Дүйсенбі 1885, Әлімұсаев Әбілқайыр 1881, Өтебаев Қара 1880, Қалымбетов Қыйсық 1888, Қырықбойдақов Әлімбек, Атабашев Әбіш 1895, Орымбаев Көшкімбай 1874, Көшкімбаев Мұсалы 1890, Әбдуқабиев Құмар 1893, Байсейітов Ноғайбек 1907, Төреқұлов Керімбай 1898, Төреқұлов Отар 1900, Шайназаров Мұсаәлі, Беркімбаев Оразбай 1865, Нұрбаев Рысдаулет 1875, Байсақалов Ахмет 1866, Досаев Құлмет 1865, Ақмамбетов Берден 1892, Құлманов Қалдаулет 1885, Жолдыбаев Райымбек 1858, Нұрметов Абдолла 1880, Нұржанов Әбдіхалық 1870, Мәлеуқұлов Әпсаттар 1869, Мұсауыров Нұрмет 1872, Бекбергенов Құдайбергенов 1898, Иманбаев Күшей 1910, Ноғайбаев Абдолла 1912, Құрбанқұлов Ақтай 1907, Рахметов Хабиболла 1906, Қайымқожиев Сейдахмет, Қарабаев Бейімбет 1882, Райымбеков

Жақай 1894, Бейсембаев Қуандық, Шалақов Әлібек 1890, Жұманов Ысқақ 1897, Жауғашов Омар 1874, Ахметов Иса 1883, Үндібаев Ыстамбек 1892, Омбаев Есіркеп 1903, Шылмамбетов Сағындық 1881, Өзкелдиев Бекжан 1873, Жақсыбаев Абдолла 1883, Сұлтанбеков Сарман 1903, Әліпбаев Иманбек 1889, Кеңешов Әбден 1905, Аралбаев Салқыбай 1892, Ағыбаев Қасым 1899, Шөкеев Сәдуақас 1898, Жамбеков Жөкен 1894, Еркебаев Мәжен 1894, Досов Бақберген 1867, Османов Тоққожа 1883, Аралбаев Найманбай 1905, Арқабаев Ақберді, Ермеков Жұманазар 1862, Қарамұрзаев Жақып 1852, Дербісалов Сұлбек, Көкебаев –Жабаяев Үсен 1860, Маңлаев Кәрім 1884, Құлтасов Асқар 1858, Жапарқұлов Насыр 1893, Жамаяков Рахмет 1900, Бүркітбаев Тәшім 1879, Айгелов Байтілеу 1894, Самин-ов Садық 1904, Имамбердиев Нұрыш 1884, Шараев Сәдуақас 1896, Османов Имамберді 1850, Әділбеков Қиянбек 1903, Жәнібеков Шуақ, Әуезов Қорлық, Қойшыбаев Исмаил 1879, Тұржанов Хұсаин 1867, Тұржанов Шашанбас 1875, Қойшыбаев Жөкен 1864, Байқадамов Сағынтай 1873, Қарғашев Мустафа 1902, Әуезов Әділбек 1863, Танаев Сарбас 1870, Иманов Жантөре 1873, Исатаев Сапалай 1891, Құшбанов Дәуітәлі 1870, Ісжанов Бұлқындық 1886, Наурызбаев Елеубай 1855, Наурызбаев Ұсқабай 1881, Майкеев Бексейіт 1887, Жақсынбаев Алтынбек 1855, Несіпбаев Қуаныш 1888, Исабеков Мақан 1884, Жақыпов Сүлейман 1889, Өтепов Әділқожа 1867, Куевов Аманжол 1885, Жәнділдаев Байдулла 1883, Бәжібаев Досжан 1900, Орабаев Тасыбай 1898, Киікбаев Ибан, Жаносов Тәжей 1893, Сарыбасов Қойшыбай 1905, Тұрғымбаев Қазбек 1904, Кәрібаев Ауыбек, Байқонысов Омарқұл 1875, Кәрімов Есқожа, Байжанов Диқанбай 1882, Қашанов Қираманбек 1890, Төребеков Әдеш, Ахметов Мадиярбек, Кемпіров Әмадия 1880, Сыздықов Қожан 1900, Сарыбасов Күмісбек 1890, Жүсіпбеков Оспан 1883, Ерменов Берген, Қарағашев Саржан, Құтыншиев Оралқы 1897, Қырықбаев Ұшақбай 1911, Кәрімов Ибақожа 1894, Несіпбаев Наурызбай, Қарғашев Әбешкен, Жәкенов Төлеген 1888, Өтебаев Ерубай 1899, Кемпіров Байлау 1872, Орыбаев Қуандық 1878, Мысамбаев Абдуғали 1904, Сыздықов Төлентай 1912, Тәжібаев Иса 1890, Оразбеков Құлжамбек 1887, Бекешов Әмзе, Арыстанбеков Орынтай 1899, Нұрпейсов Дәуітәлі 1904, Тілеубеков Рахатжан 1904, Сартов Ертанбек 1900, Торашев Нұркен 1903, Оспанов Мақай 1880, Оспанов Мақай 1877, Әкенбеков Телеубай 1882, Рахымжанов Нұрман 1912, Бекешов Нұржан 1910, Есеншораев Моңжан 1876, Қуатов Сақынбек, Қожатаев Телеубек, Жағманов Тұншыбек 1899, Шалбаев Қадыр, Телеубеков Ұшақбай 1911, Қоқынбаев Сейіт 1907, Дауылбаев Дөненбай 1873, Көнебаев Ысмайыл, Айнабеков Орынбек 1870, Жайықов Оспан 1870, Елебаев Сембек 1879, Жандауылов Жанбота 1885, Сүйінбеков Әлі, Алтайбаев Ысқақ, Манабаев Самұрат 1869, Адамбаев Шөже 1890, Куевов Жанжұман 1880.

Гүлнар ШАРДАРБЕКОВА,
Түркістан облыстық өңірлік қоғамдық саяси тарихи архивінің директоры,
Түркістан облыстық қуғын-сүргін құрбандарын ақтау жөніндегі жұмысшы тобының жетекшісі.
Мақсат ҚАРҒАБАЙ,
Түркістан облыстық қуғын-сүргін құрбандарын ақтау жөніндегі жұмысшы тобының мүшесі.

2022 жылдың 1 қазанындағы жағдай бойынша 2021 жылдың қаңтарынан бері БЖЗҚ салымшылардың (алушылардың) тұрғын үй жағдайын жақсарту үшін жинақталған зейнетақы қаражатын пайдалану туралы 1 333 421 өтінішін орындады. Уәкілетті оператор-банктерде ашылған қазакстандықтардың арнайы шоттарына БЖЗҚ 3,1 трлн

тұрғын үй сатып алу немесе жеке тұрғын үй салу мақсатында (жеке тұрғын үй құрылысы деген нысаналы мақсаты бар жер телімін сатып алуды қоса алғанда) одан әрі жинақтау үшін тұрғын үй құрылысына салымды толықтыру жатпайды. Бұл жағдайда алушы Отбасы банкіне біржолғы зейнетақы төлемдерінің нысаналы мақсатын растайтын

БЖЗҚ тұрғын үй мен емделуге қазақстандықтардың 1,7 миллионнан астам өтінішін орындады

теңгеден астам қаржы аударды. Біржолғы зейнетақы төлемдерінің орташа сомасы – 2,4 млн теңге.

Қазіргі уақытта зейнетақы жинақтарының бір бөлігін пайдалануға өтініштерді қабылдайтын уәкілетті операторлар: «Отбасы банкі» тұрғын үй құрылыс жинақ банкі» АҚ, «Қазақстан Халық банкі» АҚ, «Алтын Банк» АҚ, «Банк ЦентрКредит» АҚ және «Банк Фридом Финанс Қазақстан» АҚ болып табылады. Естеріңізге саламыз, біржолғы зейнетақы төлемі уәкілетті операторда («Отбасы банкі» тұрғын үй құрылыс жинақ банкі» АҚ) ашылған арнайы шотқа түскеннен кейін алушы уәкілетті операторға біржолғы зейнетақы төлемдерінің нысаналы мақсатын растайтын құжаттарды олар келіп түскен күннен бастап 20 жұмыс күні ішінде (Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес, тұрғын үй жағдайын жақсарту үшін біржолғы зейнетақы төлемдерін пайдалану қағидаларының 13-тармағы аясында) ұсынады. Бұл

құжаттарды олар келіп түскен күннен бастап 3 жыл ішінде береді. Басқа уәкілетті операторлар (екінші деңгейдегі банктер) бойынша біржолғы зейнетақы төлеміне арналған өтініштер және алушының мақсаттары бойынша құжаттар банктің ішкі құжаттарында белгіленген тәртіп пен мерзімге сай қаралады. Бұл ретте, банк біржолғы зейнетақы төлемдерінің сомаларын өтініш берушінің (алушының) арнайы шоттарына есептелген күннен бастап 10 жұмыс күні ішінде олардың нысаналы мақсаты бойынша біржолғы зейнетақы төлемдерін аударды. Уәкілетті операторға растаушы құжаттар белгіленген мерзімде берілмеген жағдайда, бұл қаражат БЖЗҚ-ға қайтарылады.

Сонымен қатар, БЖЗҚ емделуге берілген 308,0 млрд теңгеге 393 302 өтінішті орындады. Бұл ретте алуға болатын орташа сома шамамен 0,8 млн теңге.

«Созақ үні»-ақпарат.

Қазақстандықтар 15 миллионнан аса үзінді көшірмені онлайн алды

2022 жылдың басынан бастап 2022 жылдың 1 қыркүйегіне Брыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры салымшылар мен алушыларға 22,3 миллионнан астам қызмет көрсетті. Оның ішінде 15,2 млн-нан астам операция электрондық форматта, шамамен 5,5 млн-ы-автоматты түрде жүргізілді. Осылайша, қазақстандықтар зейнетақы қызметтерінің шамамен 92,5% қашықтан алды.

БЖЗҚ салымшылары екі-үш батырманы басып-ақ жеке зейнетақы шотынан үзінді көшірме, ЖЗШ-ның бар-жоғы туралы анықтама алып, өз деректемелеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізіп, 1 немесе 2 топтағы мүгедектіктің мерзімсіз белгіленуіне байланысты зейнетақы төлемдерін тағайындау туралы, сондай-ақ, ерікті зейнетақы жарналары бойынша өтініш беріп, төлемге өтініштің мәртебесін қадағалап және т.б. қызмет түрлерін ала алады. Салымшылар үшін ең танымал қызмет-жеке зейнетақы шотынан үзінді көшірме алу. Ағымдағы жылдың 1 қыркүйегіндегі жағдай бойынша салымшылар онлайн форматта 15 миллионнан астам үзінді көшірме алды.

Міндетті зейнетақы жарналарын (МЗЖ), міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын (МКЗЖ) және ерікті зейнетақы жарналарын (ЕЗЖ) есепке алу бойынша жеке зейнетақы шоттарын автоматты түрде ашу – өтінішсіз қызмет көрсету форматында жүзеге асырылады. Естеріңізге сала кетейік, жеке тұрғының БЖЗҚ-да ашылған ЖЗШ болмаған жағдайда, ол алғашқы жарна түскенде

БЖЗҚ ақпараттық жүйесінде автоматты түрде ашылады. Бұл ретте жеке тұрғы МЗЖ, МКЗЖ немесе ЕЗЖ аудару кезінде төлем тапсырмасының электрондық форматында көрсетілген дербес деректер арқылы сәйкестендіріледі. Салымшының қолданыстағы құжатының деректемелері мен тұрғылықты жері туралы барлық қажетті мәліметті БЖЗҚ мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелерінен алады. Осылайша, Қор салымшыларына шамамен 5,5 миллион қызмет автоматты түрде көрсетілді.

Кейбір қызметтерді алу үшін (мысалы, мұрагерлік бойынша немесе тұрақты тұруға шетелге кетуге байланысты зейнетақы төлемдерін рәсімдеу) құжаттардың түпнұсқаларын ұсыну қажет, оны пошта арқылы немесе жеке өзі не БЖЗҚ кеңсесінде сенім білдірілген адам арқылы ұсынуға болады. Сонымен қатар, Қор мамандарына көзбе-көз жүгінуді әлі күнге дейін жөн көретін салымшылар да бар. Сондықтан жыл басынан бері БЖЗҚ бөлімшелері арқылы Қазақстан бойынша салымшылар мен алушыларға дәстүрлі түрде 1 миллионнан аса қызмет көрсетілді. Естеріңізге сала кетейік, Қордың жақын жердегі бөлімшесін е сайты немесе БЖЗҚ мобильді қосымшасы арқылы оңай табуға болады.

«Созақ үні»-ақпарат.

Балалардың дұрыс тамақтануы

Балалардың мектепте оқу кезеңінде өсу процесінің қарқындылығы, бұлшық етінің және сүйек қаңқасының ұлғаюы, зат алмасуының күрделі құрылымы, эндокринді, жүрек-қан тамыр, бас миы қызметінің ерекшеліктері байқалады.

Осы жастың тағы бір ерекшелігі ақпарат

тың кең көлемде және мектеп бағдарламасының қиындай түсуіне байланысты оқушылардың ақыл ойына анағұрлым күш түседі.

Оқушылардың тиімді тамақтануы (салауатты) инфекцияларға қарсы тұру және басқа да қолайсыз факторларға тұрақтылығын арттырады.

Тиімді, салауатты тамақтану – бұл баланың ең басты көңіл күйінің көтеріңкі және мектепте табысты болуына тікелей әсер етеді.

Кез келген тиімді тамақтану теңгерімін сақтамау функциональдық ауытқуға ғана емес және асқазан-ішек жолының созылмалы ауруларына сонымен қоса организмнің барлық жүйелерінің, иммунитеттің төмендеуі, организмнің әр түрлі жұқпалы ауруларға қарсы тұру қабілетінің төмендеуіне әкеліп соғады.

Осы кезде оқушылардың қызық жүйесі жоғары, қызық жұмсау балалардың жасына және олардың белсенділігіне байланысты, сонымен қоса организмнің өсуі және дамуы жүреді.

Қуаттылық құнарлығын тиімді теңгеру үшін күндік рационның калориясы таңғы асқа 25%, түскі асқа - 35%, бесіндік асқа - 15% және кешкі асқа - 25% құрауы керек. Бұл құжаттылықты тек гана тамақтану арқылы толтыруға болады.

Тағам жоғары деңгейде пайдалы болуы үшін міндетті түрде рационды кең

көлемде өмір сүруге қажетті заттары бар тағам өнімдерін пайдалану қажет (ақуыздар, майлар, көмірсулар, минералды заттар, дәрумендер және су).

Ақуыздар-адамның мүшелерінің және тінінің құрылуында пайдаланылатын негізгі материал болып табылады.

Үздіксіз өсіп жатқан оқушылар организмді ерекше ақуыздарды қажет етеді.

Ақуыз жеткіліксіз жағдайда болған кезде баланың өсуі және дамуы баяулап, организмнің ауруларға қарсылығы төмендеп, ақыл-ой қабілеті нашарлайды.

Жануар ақуызының негізгі көздері: сүт және сүт өнімдері, ет және балық, жұмыртқа; өсімдік ақуыздары: бұршақ, асбұршақ, соя және т.б.

Майлар бірінші кезекте жүйке дәнекерінің оның ішінде бас миының құатты материалы ретінде пайдаланылып, А және Д дәрумендерінің көзі және еріткіштері болып табылады.

Тағамда майдың жетіспеуі оқушылардың иммунитетін төмендетіп, түрлі ауруларды (ЖРВИ, тұмау) жұқтыруына себепкер болады.

Көмірсулар бұлшық ет тіршілігі құатының негізгі көзі болып табылады.

Сонымен қоса көмірсулар жүрек жұмысына қажет және бас миы жұмысына бірден бір құат көзі болып саналады. Оқушылардың тамағында көмірсудың мөлшері май және ақуызға қарағанда 4 есе жоғары болуы керек. Дегенмен есте сақтау керек, қарапайым көмірсулардың артық болуы (тәттілер, шоколад т.б.) денсаулыққа кері әсерін береді: зат алмасудың бұзылуы (семіздік, қант диабеті), өсуде және жалпы дамуда қалу, жиі аурушаңдыққа

бейім болу.

Сондықтан барлық көмірсулардың 80% күрделі көмірсуларды құрауы қажет: көкөніс, жемістер және нан.

Сонымен қоса организмнің қалыпты жұмыс істеуі үшін оқушылар күнделікті қажетті көлемде дәрумендер және минералды тұздарды қабылдауы қажет және дұрыс тамақтану тәртібі де үлкен маңызға ие.

Қазіргі күнгі ғылыми дерекке сүйенетін болсақ мектеп жасындағы балаларға 4 және 5 реттік тамақтану неғұрлым пайдалы болып саналады.

Осындай жиіліктегі тамақтану тәртібі кезінде балалардың физикалық жағдайы, дамуы және жұмыс қабілеті жоғары деңгейде болады.

Мектеп оқушыларының тамақтану мәселесі олардың ұстау, тамақтану тәртібін бұзу, фаст-фуд, чипс, сухариктер, шоколадталған нандарды жеу, газдалған сусындарды ішу және сағыз шайнау т.б.

Балаларға алдағы уақытта табысты өмір сүру үшін мықты денсаулықтың қаншалықты пайдасы барлығын түсіндіре келіп, өз мысалында (үлгісінде) дұрыс, тиімді қалай тамақтану керектігін көрсету керек.

Тек денсаулықты ғана ешқандай ақшаға сатып алу мүмкін емес!

Сондықтан балаларды өзінің денсаулығына немқұрайлы қарамай көздің қарашығындай сақтау керектігін оқыту керек!

Ф.БҰРХАНБАЕВА,
Созақ аудандық СЭББ,
Санитариялық-эпидемиологиялық бақылау және қадағалау техникалық регламенттерді бақылау бөлімінің бас маманы.

Жатқан жерің жайлы болсын жан әке



Қозмолдақ ауылының тұрғыны, асыл әке, қимас бауыр, ауыл-аймаққа қадірлі жан **Басарұлы Ерғазы** әкеміздің өмірден өткеніне жылдың жүзі болып қалды. Асыл әкеміздің жарқын бейнесі жүректерде сақтаулы.

Асыл әке, аяулы әке ардақтым, Көтеріңкі-ау ең ауырын салмақтайың. Өміріңнің қысы мен жазыңда, Ұл-қызыңды қиясына самғаптайың. Сен кеткелі көрсетпеді ай жүзін, Сен кеткелі барша әлем тіңгеуің.

Рухыңа арнап құран бағыштап,

Ас береміз ағайынға жиылып,-дей отырып, әкеміз рухына бағыштап жылдық асын өткізетіндігімізді барша ағайын-туыс, құда-жекжат, замандастарының есіне саламыз.

Ас – 5 қараша күні (4 қараша – қонақ асы) Сызған ауылында өз шаңырағында беріледі.

Асқа шақырушылар жары, ұл-қыздары, келіндері мен күйеу балалары, Басаровтар әулеті.

Жұмақтан болсын мекенің...

Ботабеков Марлен Шәріпбекұлы 1988 жылы 1 қаңтарда Қозмалдақ ауылында дүниеге келген. 2006 жылы Ф.Мұратбаев атындағы жалпы орта мектебін үздік бітіріп, Ақтөбе қаласындағы М.Оспанов атындағы Медицина Академиясының педиатрия бөліміне оқуға түсті. 2014 жылы балалар хирургиясы факультетін бітіріп шықты. 2014 жылы кардиохирургияның резидентурасының грант бөліміне түсті. Қозмалдақ ауылында аға дәрігерлік жұмысын атқарды. 2021 жылдың 5-қаңтарында кенеттен жүрек талмасынан қайтыс болды. Екі ұл, екі қызы бар.

Өмір менен өлім бар жоқтауы көп, Өтіп жаттыр уақыт тоқтауы жоқ. Ата-ана мен балада жан байланыс, Перзенттегі бір парыз- ақтауы тек...

Өте қысқа тағдырмен жұлдыз ақты, Сағынып жүр ата-ана тым ұзақты... Құран оқып еске алып ас береміз, Нәсіп етсін тек Алла нұр Жұмақты!!!

Ұстазы Өмірзақ Әлжанов

5-қараша күні Қозмалдақ ауылы, марқұмның өз үйінде жылдық асы (4-қараша қонақ асы) беріледі.

Сағынышпен құран бағыштап еске алушылар: ата-анасы Шәріпбек-Гүлшат, бауырлары, жұбайы, ұл-қыздары.

А.Байтұрсынов шығармаларының маңыздылығы



Ұлттық жазудың реформаторы, ағартушы педагог, мемлекет қайраткері, ақын, тіл және әдебиет зерттеуші ғалым, түркітанушы, публицист, аудармашы, бірнеше оқулықтар мен оқу құралдарының авторы Ахмет Байтұрсынұлының туғанына биыл 150 жыл толып отыр. А.Байтұрсынов атындағы жалпы орта мектебінде тағылымы терең, мазмұнды да қызықты іс-шаралар жиі өткізіліп келеді. Ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлының мұрасын жан-жақты тану, зерттеу және зерделеу мақсатында барлық пән бірлестіктерінің атсалысуымен оқушылар арасында түрлі байқаулар, апталықтар өтіп, ғылыми жобалар, мұғалімдер мен оқушылар арасында ұлт ұстазы туралы эссе жазу байқауларына жалғасты.

Жуырда А.Байтұрсынов атындағы жалпы орта мектебінің кітапхана базасында Созақ ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімінің әдістемелік кабинетінің жылдық жоспарына сәйкес, «А.Байтұрсынов шығармашылығын насихаттау арқылы оқырмандар қауымдасын қалыптастыру» тақырыбында мектеп кітапханашыларының аудандық зерделі кеңесі болып өтті.

Кеңестің ашылу бөлімінде А.Байтұрсынов мектебінің директоры Т.Шаймерденов ұлт ұстазы А.Байтұрсынұлының жан-жақты саяси қызмет жолы мен қазақ тіліне қосқан үлесі жайында, шығармашылық мұрасы туралы айтып, ұлы тұлғаның есімін ұлықтау бағытында мектебімізде атқарылып жатқан шараларға тоқталды.

«Ұлт ұстазының жолымен» тақырыбында мектеп оқушылары, 10 а сынып оқушысы Қадыр Айдын А.Байтұрсынұлының «Маса» жинағын, 10 ә сынып оқушысы Темірбекқызы Әсем «Қырық мысал» жинағын, 5 в сынып оқушысы Бақытжан Айсұлу «Егіннің бастары» мысалын, 2 ә сынып оқушысы Оразәлі Айару «Есек пен бұлбұл» мысалдарын-READx жобасымен талқылады.

А.Байтұрсынов мектебінің кітапхана меңгерушісі З.Мыңжасарова кітапханашыларды READx жобасының мақсатымен, жобаға қатысушы спикерлермен және оларға қойылатын талаптармен таныстырды.

Спикер оқушылар ізденушілік, шығармашылық қабілеттерін дамытып, жан-жақты дайындықтарын байқатып, шығарма туралы өз ойларын керемет жеткізді.

Сондай-ақ, зерделі кеңеске қатысушы мектеп кітапханашылары А.Қалдарбекова, Г.Жамғырбаева, А.Ахметова А.Байтұрсынов шығармаларын насихаттауда оқушылармен өткізілетін жұмыс түрлерімен, әдіс тәсілдерін ортаға салып бөлісті.

Зерделі кеңес мектеп кітапханашыларының арасындағы кәсіби қарым-қатынас және кәсіби құзіреттілігін дамыту жолдарын талқылаумен қорытындыланды.

З.МЫҢЖАСАРОВА,
А.Байтұрсынов атындағы жалпы орта мектебінің кітапхана меңгерушісі.

Балабақшадағы күз мерекесі

Күз айы молшылықтың, берекенің диқандардың жаз бойы еткен еңбектерінің жемісін жинайтын керемет шағы. Бұл кезде бау-бақша өнімдерінің қазан болар мезгілі. Қамба дәнге толып, ауыл еңбеккерлері қуанышқа бөленеді. Осы уақытта балалар да мез болысып, жүздері бал-бұл жанып, күз жемісін жинайды.

Сары алтындай сары күз өз мерекесін ала келеді. Осындай күздің жайма шуақ күнінде аудан орталығындағы «Компания» «Армантай» бөбекжай бақшасында «Күз сыйы» атты мерекелік шара болды. Бақша ауласы қызылды-жасылды шарлармен безендірілді. Кіп-кішкентай бүлдіршіндердің жүздерінен нұр төгіледі. Аулаға қойылған жеміс-жидектердің көрмесі келушілердің назарын бірден өзіне аударып тұр. Әр топ бөлек-бөлек күз өнімдерін жағалай орналастырыпты.

Мерекелік жәрмеңкені балабақша меңгерушісі Ақерке Кәрімбекқызы ашып, құттықтау сөз сөйледі. Бұдан соң мерекелік шараға арнайы шақырылған қонақтар «Созақ үні» газетінің бас редакторы Сәрсенбек Теңізбаев, «Шұғыла» балабақшасының меңгерушісі Алтынай Ерманқызы игі тілектерін жеткізіп, ата-



аналар бүлдіршіндерді күз мерекесімен құттықтады.

Мерекелік жәрмеңкенің өнімдері мен дайындау шеберліктерін қазылар алқасы аралап көріп шығып бағалар берді. Қорытындысында 1 орынды «Қарлығаш» орта тобы иеленді. Тәрбиешілері Жанұзақова Гүлмира, Оңал Айтжан, «Балбөбек», «Күншуақ», «Қызғалдақ», «Балдаурен», «Толағай», «Топжарған», «Балапан» топтары алғыс хатпен марапатталды.

Ортаға күз қаншайымы шығып: -Қамбаларыңыз әрқашан астыққа толы болсын! Елімізде тоқшылық заман болсын! Алтын күз мерекесі құтты болсын!-деп шашу шашып, ақжарна тілігін білдірді. Күз ханшайыммен бірге диқан да жүк көліктеріне тиеген көк-өністерімен ортаға шық-

ты. Келушілерді бұл көрініс ерекше әсерге бөледі.

«Топжарған» ересек тобының мың бұралған биші қыздары «Күзгі жапырақтар» биін әдемі биледі.

«Балбөбек» кіші тобының дайындаған күзге арналған сән үлгісі де көрермендер қошеметіне бөленді. Келесі кезекте өнер көрсеткен «Толағай» МАД тобының биі де мерекенің шырайын кіргізді.

Сондай-ақ, «Қарлығаш» орта тобының «Ягоды молинка» және «Балапан» орта тобының «Кап-кап» биі көрермендерге көтеріңкі көңіл-күй сыйлады. Мерекелік концертті тамашалаған ата-аналар тәрбиешілерге алғыс айтып, жас өнерпаздарға сәттілік тіледі.

Сәрсенбек САЙЛАУБЕКҰЛЫ.



Жекпе-жекшілеріміз жеңіспен оралды

Сүйінші ағайын! Созақ спортының қоржыны тағы да екі медальмен толықты. Нақтырақ айтсақ, Қыркүйек айының 3-4 аралығында Алматы қаласында Панкратионнан (элит бөлімі бойынша) жасөспірімдер, кадеттер, жастар, ересектер және әйелдер арасында жарыс өтті. Дүйім жұрт көз тіккен жарыстың негізгі мақсаты мен міндеттері мыналар еді:

1. Алматы қаласында панкратион спорт түрін дәріптеу және одан әрі дамыту.
2. Спорт резервін дайындау бойынша спорттық ұйымдардың жұмыс қорытындыларын шығару.

3. Салмақ категориялары бойынша мықты спортшыларды анықтау белсенді және салауатты өмір салтын насихаттау.

4. Сондай-ақ спортшылардың спорт шеберліктерін жоғарылату.

5. Панкратион бойынша мықты спортшыларды анықтау болатын.

Созақтың алтын қоржынын қос медальмен толықтырған бұл жарысқа ауданымыздың атынан «SOZ-AKH fighting club» «Аралас жекпе-жек спортшылары қатысып бақ сынады. Айта кетсек, ересектер арасында 62 кг салмақта өнер көрсеткен Бейсенбі Қадір III-орын иеленсе, ал, жастар арасында күшін сынап октагонға шыққан Жаманқара Нұрдаулет ақтық сында ғана қарсыласына есе жіберіп, жүлделі II-орынды иеленді. Екі жеңімпазымыз да алдағы уақытта Алматы қаласында өтетін жарысқа жолдама жеңіп қайтты. Ендеше, Созақтық сақа спортшыларымызға байрақты бәсекеде сәттілік тілейміз!

Данияр ҚҰЛ-АХМЕДУЛЫ.

Жемқорлықпен күрес жүйелі жүргізілуде

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңын орындаудың біріңғай механизмін қалыптастыру, барлық мемлекеттік органдардың іс әрекеттерін үйлестіру мен Қазақстанның 2030 жылға дейінгі даму стратегиясын оның басымдықтарын іс жүзіне асыру үшін жасалған. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес пен оның міндеттерін нақтылау мен шектеу саласында мақсатты бағытталған мемлекеттік саясат азаматтардың құқықтары мен заңды мүдделеріне, мемлекеттік қызметкерлердің кәсіби деңгейінің өсуіне әсер ететіні сөзсіз. Сыбайлас жемқорлық-елеулі зардаптарға әкеліп соқтыратын қауіпті жағдайлардың бірі.

Азаматтардың құқықтық білім деңгейін көтеріп, билікке деген сенімді нығайтып, жеке меншікті әсіресе шағын және орта бизнесті дамытып, әлеуметтік және саяси тұрақтылықты нығайтып, бюджетке барынша пайда келтіру мақсатында бар мүмкіндікті тиімді пайдаланып, ел ырысын ысырап қылар ынсапсыздыққа ырық бермей отырсақ игі іс болар еді.

Жең ұшынан жалғасқан жемқорлық әрекеттерін айыптап, мемлекеттік функцияларды мемлекеттің дамуы, халықтың әл-ауқатының артуы үшін мүлтіксіз орындау қажет.

Бағдат ТАСБОЛАТОВ,
Мемлекеттік кірістер басқармасының бөлім басшысы.

Сенімгерлік басқарушы:

"Agro-sozak" ЖШС

Меншік иесі-

"Созақ үні" газеті редакциясы"
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Директор:
Абилпаттаев Ержан БАКЫТЖАНОВИЧ

Бас редактор:
Теңізбаев Сәрсенбек САЙЛАУБЕКҰЛЫ
Жауапты хатшы
Мақсат Қарғабай
Редакция құрамы:

Аға тілші-
Нұржамал МАЙУСОВА
Тілшілер-
Данияр БЕКОВ
Нұрсұлтан ШЕРТАЕВ
Біржан ЖАНДӘУЛЕТОВ
Дизайншы-
Асхан БАҚТЫБАЕВ
Терішші-
Бағила АЯЗБАЕВА

Қолжазбалар еңделеді, қайтарылмайды және оларға пікір жазылмайды. Редакция авторлар мақаласы мен жарнама мазмұнына және өздері әкелген суреттің сапасына жауап бермейді. Кей суреттер интернеттен алынады.

Компьютерлік бетпен екі жарым беттен (250 жол) асқан материалдар қабылданбайды.

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Коммуникациялар Министрлігі Ақпарат комитетінде 2018 жылдың 6 қаңтар күні Астана қаласында тіркеліп, мерзімді баспасөз басылымын, ақпарат агенттігін және желілік басылымды есепке қою, қайта есепке қою туралы №17391-Г куәлігі берілген.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді. «Ар-принт» баспаханасында басылды. Шымкент қаласы, Ж.Ташенов көшесі, №24.

Таралу аумағы: Қазақстан Республикасы

Газет А-3 көлем форматта аптасына 2 рет шығады
Индекс 64450

Редакцияның мекен-жайы: 161000, Шолақорған ауылы, С.Қожанов көшесі, байланыс телефондары 4-15-30 (факс), 4-25-19, 4-28-97

А-ақысы төленген

тапсырыс №
таралымы -
3800 дана

Кезекші редактор:

М.Қарғабай.